

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ  
НАУК РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
Қазақстан Республикасының  
педагогикалық университетінің  
Абая

## THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

PUBLISHED SINCE 1944

# 5 (399)

SEPTEMBER – OCTOBER 2022

---

ALMATY, NAS RK

---

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы**, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022  
Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович**, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

#### **EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

#### **DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich**, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **SCIENTIFIC SECRETARY:**

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

#### **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

**Г. Азретбергенова<sup>1\*</sup>, З. Есымханова<sup>2</sup>, Ы. Узын<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан;

<sup>2</sup>Туран-Астана университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>3</sup>Битлис Ерен Университеті, Битлис, Түркия.

E-mail: [gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz](mailto:gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz)

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ МЕН ЭКСПОРТ БАЙЛАНЫСЫН ДАМУШЫ ЕЛДЕР НЕГІЗІНДЕ ПАНЕЛЬДІК ТАЛДАУ**

**Аннотация.** Қазіргі таңда әлемдегі жаһандану үрдісі белең алууда. Экономикалық өсу мен экспорт арасында байланыс арқылы әрбір экспорттаушы мемлекет үшін, экономикалық өсу жағдайын, даму деңгейін анықтауға болады. Әлемдегі кез-келген мемлекет экономикасының өсуі негізінде экономикасының дамуына серпін беріп, еліндегі тұрғындардың әл-ауқатын, экономикалық ахуалын жақсартуға күш салады. Әлемді шарпыған КОВИД-19 әсерінен кейбір елдердің экспорттық тауарлар көлемі тұралап, экономикалық тұрақтылығында тербелістер болды. Экономикалық өсу болған жағдайда ғана елдер динамикалық өсуге бет бұрып, біршама өсу тұрақтылығы арту кезеңінде экспорттық әлеуетке ие бола алады. Сыртқы сауданың айналымының артуы мемлекет үшін аса маңызды фактор болып саналады.

Сыртқы сауда жаһанданушы экономикасы жоғарғы дәрежеде дамыған, барлық елдердің, әлемдік деңгейдегі экономикалардың өсу динамикасы ретінде қарастырылады. Зерттеулер көрсеткендей, тұрақты өсу мен даму кез-келген елдің экономикасын арттыру мақсаттарының ішінде маңызы жағынан бірінші орында. Осы себепті экспорт пен экономикалық өсу арасындағы байланыс теориялық және қолданбалы экономика әдебиеттерінде талқыланатын маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. Қолданбалы зерттеулерде экспорттық-экономикалық өсу қатынасына қатысты әртүрлі нәтижелердің болуы экономистер арасында консенсустың жоқтығын тудырады. Бұл зерттеуде жан басына шаққанда орташа табысы жоғары дамушы елдердегі экспорт пен экономикалық өсу арасындағы байланыс зерттелді. Деректер жинағы 1980-2020 жылдарға арналған жылдық деректерден тұрады. Экспорт және экономикалық өсу айнымалылары арасындағы ұзақ мерзімді байланыс бар-жоғы Westerlund

(2007) коинтеграциялық талдау арқылы талданды. Төртінші талдауда ұзақ мерзімді коинтеграция коэффициенттері Pedroni (2000) әзірлеген FMOLS (толық өзгертілген қарапайым ең кіші квадрат) талдауы арқылы бағаланды.

**Түйін сөздер:** экспорт, экономикалық өсу, дамушы елдер, экономика.

**Г. Азретбергенова<sup>1\*</sup>, З. Есымханова<sup>2</sup>, Ы. Узын<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави,  
Туркестан, Казахстан;

<sup>2</sup>Университет Turan-Astana, Астана, Казакстан;

<sup>3</sup>Университет Битлис Эрен, Битлис, Турция.

E-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz

## **ПАНЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА И ЭКСПОРТА В РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАНАХ**

**Аннотация.** Сегодня мир переживает глобализацию и по связи экономического роста с экспортом можно определить состояние экономического роста, уровень развития каждой страны-экспортера. Каждая страна в мире стремится улучшить благосостояние и экономическое положение своего народа, прокладывая путь к экономическому развитию, основанному на экономическом росте. Из-за влияния COVID-19 на мир объемы экспорта некоторых стран стагнировали, и в экономической стабильности наблюдались колебания. Только при наличии экономического роста страны могут перейти к динамичному росту и получить экспортный потенциал в период значительной стабильности роста. Увеличение внешнеторгового оборота является очень важным фактором для государства.

Внешняя торговля рассматривается как динамика роста почти во всех мировых экономиках, где доминирует глобализирующийся капитализм. Как известно, устойчивый рост и развитие стоят на первом месте среди целей стран. По этой причине взаимосвязь между экспортом и экономическим ростом является одной из важных тем для обсуждения в теоретической и прикладной экономической литературе. Получение различных результатов относительно связи экспорта и экономического роста в прикладных исследованиях вызывает отсутствие консенсуса среди экономистов. В этом исследовании изучалась связь между экспортом и экономическим ростом в развивающихся странах с высоким уровнем дохода на душу населения. Набор данных состоит из годовых данных за 1980-2020 годы. Существует ли долгосрочная связь между экспортом и переменными экономического роста, было проанализировано в коинтеграционном анализе (Вестерлунда, 2007). В четвертом анализе долгосрочные коэффициенты коинтеграции оценивались с использованием

анализа FMOLS (полностью модифицированного простого метода наименьших квадратов), разработанного (Pedroni, 2000).

**Ключевые слова:** экспорт, экономический рост, развивающиеся страны, экономика.

**G. Azretbergenova<sup>1\*</sup>, Z. Yessymkhanova<sup>2</sup>, Y. Uzun<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Turkestan, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Turan-Astana University, Astana, Kazakhstan;

<sup>3</sup>Bitlis Eren University, Bitlis, Turkey.

E-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz

### **A PANEL ANALYSIS OF THE RELATIONSHIP OF ECONOMIC GROWTH AND EXPORTS BY DEVELOPING COUNTRIES**

**Abstract.** Today, the world is experiencing globalization. Through the link between economic growth and exports, it is possible to determine the state of economic growth, the level of development for each exporting country. Every country in the world strives to improve the welfare and economic situation of its people, paving the way for economic development based on economic growth. Due to the impact of COVID-19 on the world, the volume of exports of some countries has stagnated and there have been fluctuations in economic stability. Only in the presence of economic growth, countries can turn to dynamic growth and gain export potential in a period of significant growth stability. The increase in foreign trade turnover is a very important factor for the state.

Foreign trade is seen as the dynamic of growth in almost all world economies dominated by globalizing capitalism. As it is known, sustainable growth and development come first among the goals of the countries. For this reason, the relationship between exports and economic growth is one of the important topics of discussion in the theoretical and applied economics literature. Obtaining different results regarding the export-economic growth relationship in applied studies causes a lack of consensus among economists. This study examined the link between exports and economic growth in high-income per capita developing countries. The data set consist of annual data for 1980-2020. Whether there is a long-term relationship between export and economic growth variables was analyzed by Westerlund (2007) cointegration analysis. In the fourth analysis, the long-term cointegration coefficients were estimated using the FMOLS (fully modified simple least squares) analysis developed by Pedroni (2000).

**Key words:** exports, economic growth, developing countries, economy.

**Кіріспе.** Экспорт пен экономикалық өсу арасындағы байланыс көптен бері талқыланатын мәселе. Классикалық экономикалық теориядан қазіргі

уақытқа дейін экспортқа негізделген өсу тәсілі ел экономикаларына жылдам өсу мүмкіндігін ұсынатындығы жалпы қабылданған (Assibey & Dikgang, 2020: 572). Аталған көзқарасқа сәйкес, тауарлар мен қызметтер экспортының артуы әртүрлі сыртқы әсерлер арқылы экономикалық өсуге оң әсер етеді. Экспорттың экономикалық өсуге әсері экспортқа бағытталған өсу ретінде белгілі. Экспортқа бағытталған өсу – экспортқа бағытталған даму стратегиясы және еркін сауда немесе ашықтық ұғымдарымен синоним ретінде қолданылады. Бұл тұрғыда экспортқа бағытталған өсу сыртқы сауда кедергілері мен интервенцияларын азайтуды және/немесе елдерді әлемдік нарықтарға интеграциялау мақсатында осы кедергілер тудырған бұрмалауларды жоюды білдіреді. Экспорттың экономикалық өсуге әсері бірнеше жолмен көрінеді. Оның біріншісі – бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ету арқылы экспорттың өнімділікке оң әсері. Экспорт арқылы келген шетел валютасы өндіріске қажетті шикізат пен аралық өнімдердің импортын қаржыландыруға пайдаланылады және экономикалық өсуді жалғастыруда анықтаушы болып табылады. Экспорттың экономикалық өсімге қосқан үлесі халықты жұмыспен қамту арқылы да жүзеге асады. Сонымен қатар экспорт жұмысбастылықты арттырады және кірістерді бөлуді реттеу арқылы экономикалық өсуге ықпал етеді. Ресурстарды тиімді пайдалану экспорттың тағы бір жағымды жағы болып табылады. Экспортқа бағытталған салаларда өндіріске мамандану артады, сәйкесінше өнімділік артады. Экспортқа бағытталған өндіріс кәсібилендіруді қамтамасыз ету арқылы басқарудағы тиімділікті арттыру арқылы шекті фактор өнімділігіне оң әсер етеді (Hamdan, 2016:101). Экспорттың ұлғаюы оқыту, техникалық инновациялар, өндірістік тәжірибе және кейбір дамушы экономикалардағы тікелей шетелдік инвестициялар арқылы өндірісте технологияны неғұрлым қарқынды пайдалану сияқты аспектілері бар әртүрлі секторлардағы маңызды оқиғаларды аша алады. Бұл зерттеуде жан басына шаққанда орташа табысы жоғары дамушы елдердегі экспорт пен экономикалық өсу арасындағы байланыс зерттелді. Осы тұрғыда зерттеу 4 бөлімнен тұрады. Кіріспеден кейін екінші бөлімде тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасалды. Үшінші тарауда деректер жиынтығы және эконометрикалық әдіс түсіндіріледі. Төртінші тарауда талдаудың қорытындылары енгізіліп, зерттеу қорытынды бөліммен аяқталды.

Экономикалық өсу мен экспорт арасындағы байланыс динамикалық болып табылады және академиялық әдебиетте «Экспорт өсудің қозғалтқышы немесе көмекші элементі ме?» деген тұжырыммен даулы сипатқа ие болды. Жаһандану үрдісіндегі әлемдік экономика үшін де, дамушы елдердің экономикасы үшін де бұл қатынасты зерттеу маңыздылыққа ие болады. Әдебиетте экспортқа негізделген өсу моделінің экономикалық өсуге әсерін талдайтын көптеген зерттеулер бар. (Ekanayake, 1999) Азиядағы сегіз дамушы елдегі 1960-1997 жылдар аралығындағы жыл сайынғы деректерді пайдалана отырып, коинтеграция және қателерді түзету моделі арқылы экспорт пен экономикалық өсу арасындағы себептілік байланысын талдаған. Зерттеу нәтижесінде автор



Үндістан, Индонезия, Корея, Пәкістан, Филиппин, Шри-Ланка және Таиланд үшін экономикалық өсу мен экспорт арасындағы екі жақты себептілік байланысын анықтаған (Nguyen, 2016). Ол сондай-ақ экспортқа негізделген өсу гипотезасы Малайзия үшін жарамды деген қорытындыға келген. (Ramos, 2001) зерттеуі Португалия экономикасы үшін Йохансен коинтеграциясы мен қателерді түзету моделіне негізделген Гранджер себептілік талдауы аясында жүргізілген (Ahmed, et all, 2007). Автор экспорттың өсуі мен экономикалық өсу арасында коинтеграция, ұзақ және қысқа мерзімді екі жақты себептілік байланыстар бар екенін анықтаған.

(Koyuа 2004), 25 ЭЫДҰ елдері үшін экспортқа негізделген өсу гипотезасын және өсуге негізделген экспорт ықтималдығының Гранджер себептілігін сынады. Зерттеу нәтижесі бойынша Исландиядағы экспорттың өсуге, ал Канада, Жапония және Корея елдерінде экономикалық өсім экспортқа әсердігін анықтаған. Ол сонымен қатар Швеция мен Ұлыбритания үшін экспорт пен экономикалық өсу арасындағы екі жақты байланыс бар екендігін анықтаған. (Shirazi, et all, 2005), Йохансен коинтеграциясына және Тода-Ямамото әдісіне негізделген Гранджер себептік-салдарлық сынақтарын қолдана отырып, бес Оңтүстік Азия елдері үшін экспортқа негізделген өсу гипотезасын зерттеген. Зерттеу барысында Шри-Ланкадан басқа елдер үшін коинтеграция, Бангладеш пен Непал үшін екі жақты себептілік, Пәкістан үшін экспорттан ЖІӨ-ге бір жақты себептілік бар екенін анықтаған. Шри-Ланка мен Үндістан үшін себеп-салдарлық тест нәтижелері экспорт пен ЖІӨ арасында себеп-салдарлық байланыс жоқ екенін көрсеткен. (Pandey, 2006) өз зерттеуінде Үндістанның экспорттық экономикалық өсу қатынасын қарастырған. Зерттеуде Энгл-Гранжер коинтеграциялық талдауын қолдана отырып, экспорт пен ЖІӨ және оның құрамдас бөліктері арасындағы коинтеграциялық байланысқа назар аударған, сонымен қатар себептілік байланысын зерттеген. Айнымалылардың белгіленген бағалардағы мәндерін қарастыра отырып, олардың коинтеграцияланбағаны анықталған, қысқа мерзімді перспективада экспорттық өзгерістер ЖІӨ-нің өзгеруіне әкелетіні анықталған (Ahmed, et all, 2007). Сахараның оңтүстігіндегі Африканың бес еліне зерттеу жүргізді. Оңтүстік Африка Республикасын қоспағанда, бұл елдерде индустрияландыру өте төмен немесе жоқ деңгейде. Мұнай, тау-кен өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты (банан, какао және кофе сияқты) олардың экспортының маңызды бөлігін құрайды. Зерттеуде экспорт, тікелей шетелдік инвестициялар және экономикалық өсу арасындағы коинтеграциялық байланыс елдердің уақыттық қатарларының деректерін пайдалана отырып, Йохансен коинтеграция сынағы және панельдік деректермен Педрони коинтеграция тесті арқылы зерттелген. Коинтеграциялық сынақтар мен себептік-салдарлық талдаудағы қателік терминдері Сахараның оңтүстігіндегі Африка елдеріндегі экспорт пен ЖІӨ өсімі арасында ұзақ мерзімді байланыс бар екенін көрсеткен. Қысқа мерзімді кезеңде Оңтүстік Африкадан басқа барлық елдер үшін екі жақты себептілік, ал Оңтүстік Африка Республикасы үшін өсімнен экспортқа дейін бір бағытты себептілік табылған.

(Maneschiöld, 2008), Аргентина, Бразилия және Мексика деректеріне негізделген Гранджер себептілік тесттерін, Йохансен коинтеграциясын және қателерді түзету моделін қолдану арқылы экспорттық-экономикалық өсу қатынасын зерттеген. Зерттеу нәтижелері Аргентина мен Мексика үшін айнымалылар коинтеграцияланғанын және олардың арасында екі жақты себептілік байланысы бар екенін көрсеткен. Бразилия үшін коинтеграциялық байланыс жоқ және себептілік экспорттан экономикалық өсуге бір бағытты екендігі анықталған. (Ullah, et all, 2009) зерттеулеріндегі эмпирикалық нәтижелер Пәкістан үшін экспорт пен экономикалық өсу арасында коинтеграция және екі жақты себептілік бар екендігі анықталған. (Elbeydi, et all, 2010) жүргізген зерттеуде 1980-2007 жылдар аралығындағы Ливия үлгісінде экспорт пен кірістің өсуі арасында ұзақ мерзімді екі жақты себепті байланыс анықталған. Сонымен қатар, олар зерттеуде экспортты ілгерілету экономикалық өсуге ықпал етеді деген қорытындыға келген (Нусе, et all, 2013) Гранджер себептілік сынағы арқылы алты азиялық ел үшін экспорт, импорт және экономикалық өсу арасындағы ұзақ мерзімді байланысты зерттеген. Олар импортқа негізделген экономикалық өсу Бангладеш, Бутан, Үндістан, Непал, Пәкістан және Шри-Ланка үшін жарамды деген қорытындыға келген. Ал экспортқа негізделген өсу үлгісі Пәкістаннан басқа барлық зерттелген елдерде жарамды екенін анықтаған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша олар ішкі және халықаралық сұраныстың артуы экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуға оң ықпал еткенін мәлімдеген (Forgha, et all, 2015) жүргізген зерттеуде олар Камерун үлгісінде Йохансен коинтеграциясын және қателерді түзету үлгісін қолдана отырып, ағаш экспортының экономикалық өсуге әсерін зерттеді. Олар ағаш экспорты ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсуге оң әсер етеді деген қорытындыға келген (Tang, et all, 2015) экономикалық өсу мен экспорт арасындағы талдауға енгізілген кейбір елдер үшін өсімнен экспортқа дейін бір жақты қатынасты тапқан, сонымен бірге кейбір басқа елдер үшін өзара қарым-қатынастың болуын болжаған (Ajmi, et all, 2015) экономикалық өсу мен экспорт арасында себепті байланыс жоқ деген қорытындыға келген (Nguyen, 2016) зерттеуінде 1990-2015 жылдар аралығындағы Вьетнам экономикалық өсімі мен экспорты арасында оң қатынасты анықтаған. (Raza et all, 2017) Toda-Yamamoto және коинтеграциялық сынақтарды қолдана отырып, Пәкістан үшін экспортқа негізделген өсу гипотезасын зерттеген. Олар экспорт экономикалық өсу мен инвестицияның себебі екенін анықтаған. Сондай-ақ экономикалық өсуден инвестицияға бір жақты себептілік байланысын тапқан. Әдебиеттік зерттеулерге жалпы баға бергенде, экспорт пен өсу арасындағы байланыстың себеп-салдарлық талдау арқылы жиі тексерілетіні байқалады. Негізінде, экспорттан экономикалық өсуге себепті байланыстың болуын растайтын зерттеулер экспортқа негізделген өсу моделі үшін саясатты әзірлеуді ұсынады, ал экономикалық өсуден экспортқа себеп-салдарлық байланыстың бар екендігін анықтайтын зерттеулер экономикалық өсуге негізделген экономикалық өсуді жүзеге асыруды ұсынады. Сонымен қатар, экспорт пен

экономикалық өсу арасында өзара себептілік байланыс болған жағдайда, ол жоғарыда аталған екі жағдайға да қолайлы стратегияларды қолдану қажеттілігін білдіреді.

**Материалдар мен әдістер.** Бұл зерттеуде эконометрикалық талдаудың көмегімен орташа табысы жоғары дамушы елдердегі экспорт пен экономикалық өсу арасындағы байланыс қарастырылады. Деректер жинағы 1980 - 2020 жылдарға арналған жылдық деректерден тұрады. Экономикалық өсуді көрсету үшін пайдаланылатын ЖІӨ деректері мен экспорттық деректер Дүниежүзілік банктің ресми сайтынан алынды. Зерттеуге енгізілген дамушы елдер мыналар: Ботсвана, Бразилия, Болгария, Қытай, Колумбия, Коста-Рика, Эквадор, Фиджи, Ямайка, Иордания, Малайзия, Мальдив аралдары, Маврикий, Мексика, Панама, Парагвай, Перу, Оңтүстік Африка, Тайланд және Түркия. Экспорт және ЖІӨ деректері АҚШ долларымен бағаланады. Жасалған эмпирикалық модель келесідей:

$$\ln gdp_{it} = \alpha_{it} + \beta_{it} \ln export_{it} + \varepsilon_{it} \quad (1)$$

Теңдеудегі  $i=1, \dots, 5$  елдерді және  $t=1980, 1981 \dots 2020$  уақыт аралығын көрсетеді.  $\ln$  – айнмалылардың натурал логарифмі, ал  $\varepsilon$  – стохастикалық қате термині. Панельдік деректерді талдау аясында жасалған эмпирикалық үлгіні бағалауда Stata 14 пакеттік бағдарламасы пайдаланылды. Зерттеу барысында талдаудың 4 түрі жасалды. Біріншіден, (Breusch et al, 1980) және (Pesaran, et al, 2008) LM талдаулары қатарды құрайтын бірліктер арасындағы көлденең қима тәуелділігінің бар-жоғы тексерілді. Қатарлар арасындағы көлденең қиманың тәуелділігін қарастыру келесі кезеңдерде талқыланатын сынақтар, атап айтқанда, қандай ұрпақ панелі бірлік түбір сынағы, панельдік коинтеграция, ұзақ мерзімді параметрді бағалау және панельдік себептілік талдауын орындау керектігін көрсетеді. Екіншіден, көлденең қималық тәуелділікті ескеретін (Pesaran, 2007) зерттеуінде ұсынылған CADF тесті орындалды. Келесі қадамда айнмалылар арасында ұзақ мерзімді байланыс бар-жоғы (Westerlund, 2007) коинтеграциялық талдау арқылы талданды. Төртінші талдауда ұзақ мерзімді коинтеграция коэффициенттері (Pedroni, 2000) әзірлеген FMOLS (толық өзгертілген қарапайым ең кіші квадрат) талдауы арқылы бағаланды.

**Нәтижелер.** Зерттеуде эконометрикалық талдау арқылы орташа табысы жоғары дамушы елдердегі экспорт пен экономикалық өсу арасындағы байланыс зерттелді. Зерттеулер нәтижесі 1980 - 2020 жылдардағы деректер базасының негізінде жасалды. Экономикалық өсу үрдісінің динамикасын жасау барысында, ЖІӨ мен экспорттық деректер Дүниежүзілік банктің ресми сайтынан алынып, талданды.

Көлденең қимаға тәуелділік сынағы, Түбірлік бірлік сынағы, (Westerlund, 2007) коинтеграциялық тесті, (Westerlund, 2007) панельдік коинтеграция тестінің нәтижелері, Ұзақ мерзімді коинтеграция коэффициенттерін бағалау арқылы жүргізілді.

**Талқылау. Көлденең қимаға тәуелділік сынағы.** Көлденең қимаға тәуелділік сынағы панельді құрайтын сериялар үшін маңызды. Көлденең қима тәуелділігінің бар-жоғы талдаудың кейінгі кезеңдерінде қолданылатын бірлік түбір түрін және басқа талдауды таңдау үшін маңызды. Көлденең қима тәуелділігін қатарлар арасындағы лездік корреляция ретінде анықтауға болады. Егер уақыт өлшемі панельдік деректер үлгілеріндегі көлденең қима өлшемінен үлкен болса ( $T > N$ ), (Breusch, 1980) және (Pesaran, et all, 2008) сынақтарына артықшылық беру керек. Көлденең қиманың тәуелділігіне қатысты нәтижелер 1-кестеде берілген.

1-кесте: Көлденең қимаға тәуелділік сынағы нәтижелері

Айнымалылар	CD <sub>LM1</sub> тест (Breusch, Pagan 1980)		LM <sub>adj</sub> тест (Pesaran, Ullah, Yamagata (2008))	
	Сынақ статистикасы	Ықтималдық мәні	Сынақ статистикасы	Ықтималдық мәні
<i>lngdp</i>	462.6	0.008	294.3	0.002
<i>lnexport</i>	209.2	0.016	132.7	0.006

Ескерту: Stata 10 нәтижелері автормен есептелген.

Нәтижелерге сәйкес модельдегі *lngdp* және *lnexport* айнымалылары үшін көлденең қиманың тәуелсіздігін білдіретін нөлдік гипотеза қабылданбайды. Сәйкесінше, *lngdp* және *lnexport* сериясын құрайтын көлденең қима бірліктері арасында тәуелділік бар.

**Түбірлік бірлік сынағы.** Зерттеуде пайдаланылған қатарда көлденең қимаға тәуелділік болғандықтан, осы жағдайды ескеретін екінші буын бірлік түбір сынағы қолданылды. Талдаудың бұл түрі үшін Песаранның CADF сынағы қолданылды. Бірлік түбірді сынау нәтижесінде деңгей мәндері детерминирленген құрамдастардың трендін қамтыса да, тұрақты емес екенін 2-кестеден көруге болады. Бұл сериядағы шок әсерлері уақыт өте келе жойылмайды дегенді білдіреді. Айнымалылардың бірінші айырмашылығын алғанда, олар барлық статистикалық сынақ мәндеріне сәйкес стационарға айналады, яғни олар I (1) процесін жүргізеді. Стационарлықтың бірдей реті анықталғандықтан, коинтеграциялық талдауды бастауға болады.

2-кесте: Pesaran бірлік түбір сынағы нәтижелері

Айнымалылар	Деңгейде		Бірінші ретті айырмашылық мәні	
	$\bar{t}$	%5	$\bar{t}$	%5
<i>lngdp</i>				
Тұрақты	-1.936	-2.330	-5.080**	-2.330
Тұрақты және тренд	-2.528	-2.830	-5.504**	-2.830
<i>lnexport</i>				
Тұрақты	-2.191	-2.330	- 5.247**	-2.330
Тұрақты және тренд	-2.602	-2.830	-4.545**	-2.830

Ескерту: \*\* белгісі 5% маңыздылық деңгейін білдіреді. Stata 10 нәтижелері автормен есептелген.

